

Банктік емес сектордың 2009 жылғы 1 мамырдағы ағымдағы жағдайы

2009 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша республикамызда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар 24 ұйым, оның ішінде 9 ипотекалық ұйым тіркелді.

№	Ұйымдардың атауы	1.01.2009	1.05.2009*
1	Ипотекалық ұйымдар	12	9
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	22	15
	Жиынтығы	34	24


Ипотекалық ұйымдар

Активтер. 2009 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 100 512,2 млн. теңгені құрап, ағымдағы жылдың басынан бастап 53,2%-ға (114 065,6 млн. теңгеге) төмендеді.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар 90,3%-ды (90 741 млн. теңгені) құрап отыр, ал басқа банктерде орналастырылған салымдарға 0,2% (150,2 млн. теңге), бағалы қағаздар үлесіне – 2,1% (2 136,4 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 2,1% (2 141 млн. теңге) келіп отыр.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	1.01.2009		1.05.2009		Өсім, %-бен
	млн.теңге	жиынтығын да %-бен	млн.теңге	жиынтығын да %-бен	
Қолма-қол ақша	1 736,0	0,8	806,8	0,8	-53,5
Корреспонденттік шоттар	8 788,1	4,1	2 141,0	2,1	-75,6
Бағалы қағаздар	12 502,2	5,8	2 136,4	2,1	-82,9
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	7 822,0	3,7	150,2	0,2	-98,1
«Кері РЕПО» операциясы	4 688,0	2,2	0	0	-100
Клиенттерге берілген заемдар	165 696,8	77,2	90 741,0	90,3	-45,2
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	4 119,9	1,9	1 289,1	1,3	-68,7
Басқа активтер	9 224,8	4,3	3 247,7	3,2	-64,8
Барлығы активтер	214 577,8	100	100 512,2	100	-53,2

1.01.09ж.жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)



1.05.09ж.жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)




Кредиттік портфель. Ағымдағы жылдың 1 мамырдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 46,7%-ға (79 643,8 млн. теңгеге) азайып, 90 741 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелі құрылымының сапасын талдай отырып, стандартты кредиттердің үлесі азайғаны байқалып тұр, сонымен, ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 86,7%, ал 2009 жылғы 1 мамырда 63,9% болды. Күмәнді кредиттердің үлесі 12,5%-дан 32,8%-ға дейін көбейді. Үмітсіз кредиттердің үлесі 2009 жылғы 1 мамырда 3,3%-ды құрайтының атап айтқан жөн. Үмітсіз заемдардың сомасы абсолюттік мәнінде ағымдағы жылдың басында 1 558,9 млн. теңгеге көбейді.

Несие портфелі сапасының динамикасы	1.01.2009		1.05.2009	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығы % -бен	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығы % -бен
Несие портфелі барлығы	170 384,8	100	90 741,0	100
Стандартты	147 759,7	86,7	57 951,0	63,9
Күмәнді	21 200,6	12,5	29 806,6	32,8
<i>1 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	9 452,2	5,6	8 914,2	9,8
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	5 399,4	3,2	7 994,2	8,8
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	416,1	0,2	102,0	0,1
<i>4 санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	3 230,9	1,9	4 747,3	5,2
<i>5 санатты күмәнді</i>	2 702,0	1,6	8 048,9	8,9
Үмітсіз	1 424,5	0,8	2 983,4	3,3

Ипотекалық ұйымдардың несие портфелінің өзгеру динамикасы, млрд. теңгемен




Ағымдағы жылдың 1 мамырдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі 2 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 97,3%-ды құрады. Олардың ішінде: «БТА Ипотека» АҚ - 64,8%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 32,5%.

Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2009 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 84 935,9 млн. теңгеге немесе 52,3%-ға азайып, 2009 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 77 441,5 млн.теңгені құрады. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (38,9%-ға) және басқа банктер


мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар (58,3%-ға) басым болды.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	1.01.09		1.05.09		Өсім %-бен
	млн. теңге	жиынтығы %-бен	млн. теңге	жиынтығы %-бен	
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	52 688,1	32,4	45 179,5	58,3	-14,3
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	0	0	0	0	-
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	80 943,0	49,9	30 081,1	38,9	-62,8
Басқа кредиторлар	1 342,2	0,8	1 103,2	1,4	-17,8
Басқа міндеттемелер	27 404,1	16,9	1 077,7	1,4	-96,1
Міндеттемелердің барлығы	162 377,4	100	77 441,5	100	-52,3

1.01.09ж жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)




1.05.09ж жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



Кірістілік. Есепті күнге ипотекалық ұйымдар 1 257 млн. теңге мөлшерінде шығын шығарды. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 12 393,2 млн. теңге (2008 жылғы 1 мамырда – 11 869,5 млн. теңге) болды, шығыстардың жиынтық мөлшері – 13 650,2 млн. теңге (2008 жылғы 1 мамырда – 11 778,6 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен	1.05.2008	1.05.2009	Өсім %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	8 335,5	4 203,5	-49,6
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	5 491,5	2 537,3	-53,8
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	3 534,0	8 189,7	2,3 есе
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	6 287,1	11 112,9	76,8



Пайыздық кірістер құрылымында қайта бағалаудан түскен кірісті алуға байланысты кірістер (33,5% немесе 4 148,3 млн. теңге) біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында қамтамасыз етуге қаржыны бөлу (52,4% немесе 7 154,8 млн. теңге) ең көп орын алады.

Ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капиталы 2009 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 23 070,7 млн. теңге болды, бұл ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы көрсеткіштерден 55,8%-ға (29 129,8 млн. теңгеге) аз.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі	1.01.09	1.05.09
Жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млн. теңге	43 903,4	20 658,8
Есептелген меншікті капитал, млн. теңге	47 626,3	18 890,1
Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті ($K1 \geq 0,12$)	0,249	0,179

*) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Ұлттық әл-ауқат қоры қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және "Қазақстан инвестициялық қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы N 135-IV Заңымен 2009 жылғы 21 ақпаннан бастап мына ұйымдар лицензияларының қолданылуы тоқтатылды:

«Оңалту» АҚ;

«Қаржы орталығы» АҚ;

«Достық Энерго» АҚ;

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ;

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ;

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ;

«Қазақстан ипотекалық компания» АҚ;

«ҚҰРЫЛЫС ИПОТЕКА» ипотекалық ұйымы» АҚ-ның 2009 жылғы 29 қаңтардың №19 шешімімен лицензияның қолданылуы тоқтатылды;

«Тимей» ФПК-ның 2009 жылғы 07 сәуірдің №111 шешімімен лицензияның қолданылуы тоқтатылды;

«Алматы Финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ-ның 2009 жылғы 29 сәуірдің №128 шешімімен лицензияның қолданылуы тоқтатылды.